

**«БЕКІТЕМІН»**

**Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрлігі  
Спорт және дене шынықтыру істері  
комитетінің төрағасы**

  
Е. Мырзабосынов

«          » 2023 ж.

**«КЕЛІСІЛДІ»**

**Шығыс Қазақстан облысының  
дене шынықтыру және спорт  
басқармасы басшысының м.а**

  
С. Кусумбаев

«          » 2023 ж.

**Қазақстан Республикасы  
Тұңғыш Президентінің-Елбасының тестілерінің  
ЕРЕЖЕСІ**

**2023 ЖЫЛ**

## **1. Мақсаты мен міндеті**

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің – Елбасының тестілері (*бұдан әрі – Президенттік тестілері*) келесі мақсатта өткізіледі:

1. Қазақстанның аймақтары мен спорт клубтарында Президенттік тестілерді дамыту және дәріптеу;
2. Дене шынықтыру мен спортты одан әрі жаппай дамыту, Президенттік тестілері арқылы халықтың дене шынықтыру даярлығын және салауатты өмір салтын насихаттау;
3. Президенттік тестілерін енгізудегі басты мақсат - халықтың дене тәрбиесі даярлығын дамыту, дене шынықтыру және спорт ұйымдарының жұмысын қорытындылау.

## **2. Жарысты өткізу орны, мерзімі**

Президенттік тестілері 24–27 қараша аралығында Өскемен қаласында өткізіледі. Келу күні - 24 қараша, кету күні - 27 қараша.

## **3. Жарыстарды өткізуге басшылық**

Жарыстарды әзірлеу және өткізуге басшылықты басқару Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті (*бұдан әрі - Комитет*) іске асырады. Жарыстарды өткізу «Президенттік сынақ және Президенттік көпсайыс Федерациялар Одағы» ЗТБ ұсынысы бойынша Комитет бекіткен бас төрешіге және спорт түрлері бойынша төрешілер алқасына жүктеледі.

## **4. Жарыстың қатысушылары, бағдарламасы және сынағы**

Президенттік тестілері 4 кезеңде өткізіледі:

- 1-ші кезең – дене шынықтыру ұжымдарында жаппай жарыстар (мамыр-маусым);
- 2 кезең – аудандық жарыстар (шілде);
- 3 кезең – облыстық чемпионаттар (тамыз-қыркүйек);
- 4 кезең – Қазақстан Республикасының чемпионаты.

**Команда құрамы 25 адамнан тұрады, соның ішінде 22 спортшы, 1 өкіл, 1 жаттықтырушы, 1 төреші.**

Финалдық жарыстарға Астана, Алматы, Шымкент қалалары және Республиканың барлық облыстардың құрама командалары жіберіледі, оның

құрамында Президенттік тестілерінің қала және облыс чемпионатарының жеңімпаздары болу керек.

Қатысушылар келесі жас аралық топтарында сайысады;

1. Жас тобы – қыздар, ұлдар 9-10 жас (1+1), 11-13 жас (1+1);
2. Жас тобы – қыздар, ұлдар 14-15 жас (1+1);
3. Жас тобы – бойжеткендер, жасөспірімдер 16-17 жас (1+1);
4. Жас тобы – жеткіншек ұл-қыздар, жастар, әйелдер, ересектер 18-23 жас (1+1), 24-31 жас (1+1), 32-39 жас (1+1);
5. жас тобы – әйелдер, ересектер 40-49 жас (1+1), 50-59 жас (1+1), 60-69 жас (1+1), 70 және одан үлкен жас (1+1).

Команда	Команда құрамы			Сынақ		
	Спортшы	Жаттықтырушы	Төреші	Әйелдер	Ерлер	Барлығы
Облыс	22	2	1	11	11	25

Қатысушылардың жас аралығы туған жылына қатысты, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап анықталады, оның туған айы мен күніне қарамайды.

## 5. Жеңімпаздарды анықтау және оның шарттары

Президенттік тестілері облыс командалары және барлық жас топтары арасында жекелей-командалық біріншілік ретінде өткізіледі. Жарыс 2014 жылы (өзгертілген №109 21.04.2017ж.) Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігімен бекітілген «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының тестілерін өткізу қағидалары» бойынша өткізіледі. Әйелдер мен еркектер жеке біріншілігінің жеңімпазы техникалық қорытындыға байланысты әр сынақ түрінде жеке анықталады. Медициналық шектеуге байланысты қатысушы осы сынақ түрінде өз жас тобында соңғы орында болады. Қатысушы қандайда бір сынақ түріне себепсіз қатыспаса, қатысушылар санына қарамастан осы түрден 17-ші орын алады. Команда орындары команданың барлық қатысушылары жинаған ең аз орын қосындысы бойынша анықталады. Қандайда бір жас тобында қатыспаған әрбір қатысушы үшін 17 ұпай айыппұл беріледі.

Сынақ түрлері	Әйелдер										Ерлер											
	9-10 жас	11-13 жас	14-15 жас	16-17 жас	18-23 жас	24-30 жас	32-39 жас	40-49 жас	50-59 жас	60-69 жас	70 жас және одан жоғ	9-10 жас	11-13 жас	14-15 жас	16-17 жас	18-23 жас	24-3 жас	32-39 жас	40-49 жас	50-59 жас	60-69 жас	70 жас және одан
<b>Қысқа қаш. Жүгіру</b>																						
30 м	+											+										
60м		+	+	+	+	+	+	+					+	+	+	+	+	+				

Төзімділікке жүгіру																			
500 м	+										+	+	+						
1000 м		+	+	+	+	+	+	+	+	+				+	+	+	+	+	+
Бір орын. Секіру																			
	+	+	+	+	+	+	+	+	+					+	+	+	+	+	+
Күш гимнастикасы																			
Шалқадан жатып денені көтеру			+	+	+						+								
Биік кермеге тартылу															+	+	+		+
24.11	Келу күні.																		
24.11	13.00 -17.30 – мандаттық комиссиядан өту. 18.00 – бас төрешілік коллегиясының команда өкілдерімен отырысы																		
25.11	Жарыстың ашылуы салтанаты																		
25.11	Қысқа қашықтықта жүгіру. Спринг																		
26.11	Күш гимнастикасы, бір орыннан ұзындыққа секіру																		
26.11	Төзімділікке жүгіру																		
26.11	Жарыстың жабылу салтанатты рәсімі.																		
27.11	Кету күні.																		

## 6. Марапаттау

Бірінші, екінші, үшінші орын иеленген командалар кубок және дипломмен марапатталады. Барлық жас топтарында жеке біріншілікте жүлдегерлер мен жеңімпаздар медаль және дипломмен марапатталады.

Біріншілікте барлық жас топтамасы бойынша (ерлер, әйелдер) жеңімпаздар төсбелгі, куәлік және сертификатпен марапатталады.

## 7. Өтінімдер

Қатысушылардың саны, келу және кету күндері көрсетілген алдын ала Өтінім жарыс басталардан 15 күн бұрын жарыстың бас хатшысына тапсырылады. Өтінім уақтылы берілмеген жағдайда, қабылдаушы тарап қатысушыларды орналастыру үшін жауап бермейді. Қатысушы ұйым жарыс басталардан 5 күн бұрын және кешіктірмей, қатысушылардың туған күндері көрсетілген өтінімді мына электрондық поштаға жіберуі тиіс: [egor101998@gmail.com](mailto:egor101998@gmail.com) Байланыс телефоны: 8 776 151 50 64

Қатысушылардың нөмірлері көрсетілген, дәрігер куәландырған ақырғы Өтінім жарыс хатшысына жеребе басталардан 6 сағат бұрын және кешіктірілмей беріледі.

## **8. Өтініш, наразылықтар**

Ереже мен шарттың бұзылғаны байқалса, 30 минуттан кеш емес уақытта спорт түрі бойынша аға төрешіге, рефери немесе бас төрешінің орынбасарына команда өкілі спорт түрі аяқталғанға дейін ауызша арызданады. Егер ауызша арыздан шешім қабылданбаса немесе өкіл қанағаттанбаған жағдайда, ол өз арызын жазбаша түрде бас төрешінің қабылдаған шешімінен кейін бір сағат ішінде немесе спорт түрі аяқталғаннан кейін жарыс басшысының атына білдіре алады, ал жарыс қорытындысына байланысты наразылығын – жарыстың бейресми қорытындысын ақпараттық экранға шығарғаннан кейін, бір сағат ішінде беруге тиіс. Наразылық танытылған қорытынды жарыс басшысы немесе апелляциялық жюри (егер наразылық жюриға ұсынылса) шешіміне дейін бекітілмейді. Қатысушы жарыс басшысы немесе апелляциялық жюри шешіміне дейін, жарысқа бас төрешілер алқасы шешімімен «наразылық бойынша» қатыстырылады.

## **9. Спортшылар мен көрермендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету**

Дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган бас төрешілер алқасымен бірігіп, ішкі істер бөлімінің органдарымен жарыстарды өткізу, қатысушылардың, көрермендердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Президенттік тестілерді өткізу кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету үшін жедел жәрдем көлігі және тиісті медицина қызметкерлер құрамы тұруы қажет. Президенттік тестілері директоры жарыстарды өткізу ережелеріне сәйкес, қатысушылардың тамақтану, орналасу орындарын және спорттық базаны техникалық қабылдау актілеуін жүзеге асырады.

## **10. Қаржы шарты**

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК спорт түрлері бойынша финалдық жарыстарды өткізу үшін спорт төрешілері еңбекақысын, қонақ үйде орналасу, жарыс кезіндегі тамақтану, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттауды (медаль, естелік медаль, сертификат, диплом, рамкадағы дипломдар, деңгейіне байланысты куәліктер мен төсбелгілер), баннермен қамтамасыз етеді.

Өскемен қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасы жергілікті уәкілетті органдармен (келісім бойынша) медициналық қызметтің жұмысын, төтенше жағдайлар жөніндегі қызметтің жұмысын, құқықтық тәртіпті ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Жарысқа қатысушы командаларды іссапарға жіберу жөнінде барлық шығындары (екі жақты жол ақысы, жолдағы тәулікақысы, тамақтану, қонақ үйде орналасу, төрешілердің жолақысы, және т.б.) іссапарға жіберген ұйымның есебінен жүргізіледі.

## **11. Дәрігерлік-санитарлық қамтамасыз ету**

Медициналық персоналмен қамтамасыз ету жарысты қабылдаушы облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасына жүктеледі. Жарысты ұйымдастырушылар республикалық жарысты медициналық жағынан қамтамасыз етеді. Ұйымдастырушы зардап шегушілерді эвакуациялау үшін медициналық қызмет көрсетуге және көліктік жабдықпен қамтамасыз етуге міндетті. Ұйымдастырушы сөре мен мәре орындарына «жедел көмек» машинасының өтуіне жолдың болуын қамтамасыз етуге міндетті. Медициналық қызмет көрсетудің негізгі міндеттері:

- сөре мен мәре орындарына, тамақтану және қатысушыларды орналастыру орындарында санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтауға бақылау;
- спорттық жаракаттың алдын алу;
- қатысушыларға алғашқы медициналық көмек көрсету, зардап шегуші қатысушыларды эвакуациялау.

Медициналық персонал қажетті жабдықпен жарыс алаңында Бас төрешінің рұқсатынан дейін мәреде тұруы тиіс.

## **12. Төрешілер алқасы**

«Президенттік сынақ және Президенттік көпсайыс Федерациялар Одағы» ЗТБ қағидасының негізінде 30 адамнан төрешілер алқасы жасақталады. Оның құрамында: бас төреші, бас төрешінің орынбасары, бас хатшы, бас хатшының орынбасарлары, стартер, стартердің көмекшілері, мәредегі аға төреші, мәредегі төрешілер (қатысушылардың келуі), аға хронометрші, хронометршілер, хатшылар, хабарлаушы төрешілер, жарыс коменданты, қатысушылардың жанындағы төрешілер, кешенді жекпе-жектен төрешілер, бас төреші құқығындағы дәрігер болуы керек.

## **13. Допингке қарсы бақылау**

Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің (бұдан әрі – ВАДА) нормаларына сәйкес барлық жастағы бүкіл спортшылар ҚРК, ҚРЧ, сондай-ақ республикалық жарыстарда допинг-бақылауға алынуы мүмкін. Барлық спортшылар ВАДА-ның допингке қарсы кодекс ережелерін сақтауы тиіс.

Спортшының допинг тест тапсырудан бас тартуы немесе келмеуіне байланысты оған ВАДА-ның допингке қарсы кодекс нормаларына сәйкес санкциялар (спортшыны толық шеттетуге дейін) қолданылуы мүмкін.

**Осы ереже жарысқа ресми шақыру болып табылады.**